

*С. Бикеев, 2-курс  
Ғылыми жетекші — Д. Т. Тилеуканова, мемлекеттік-құқықтық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы, полиция аға лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)*

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДІ КӨТЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан астам уақыт өтті. Ата заңымыздың қабылданғанына да жиырма жыл болды. Қазақстан әлемдік қатынастарға дербес мемлекет ретінде қатысып, басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекетке айналды. Осы уақыт аралығында құқықтық жүйесі қалыптасып, түрлі сипаттағы нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «...өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бекітті. Осы айтылған нормадан көріп тұрғанымыздай? Қазақстан құқықтық мемлекет ретінде адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғалуына зор мән береді. Сол себепті Қазақстанның әр азаматы, оның территориясында заңды түрде жүрген? кез келген адам өзіне тиесілі құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алады. Бірақ та олар өздеріне заңмен жүктелген міндеттерін тиісті деңгейде атқаруы қажет. Ал осының бәрі орындалуы үшін халықтың құқықтық білімі, санасы, мәдениеті жоғары болуы тиіс.

Құқықтық нигилизм, заңдарды орындаудың маңыздылығын түсінбеу, оларды орындамау немесе орындаудан бас тарту жалпы мемлекеттің дамуына, оның тұрғындарының құқықтық жағдайына теріс салдарын тигізетін құбылыс. Адамдар өз құқықтары толығымен жүзеге асырылсын десе, заңдарды да бұлжытпай орындауы қажет. Алайда қоғамда әркезде заңдардың толығымен жүзеге асырылуы бола бермейді. Нәтижесінде түрлі құқықбұзушылықтар, қылмыстар орын алып, ол бүкіл қоғамның игілігі мен мүддесіне зиянын тигізеді.

Құқықтық білім беру туралы айтқанда, өсіп келе жатқан жастардың құқықтық сауатын ашу және жоғарылату аса өзекті. Өйткені? болашақ жастардың қолында, сол себепті де неғұрлым жастар сауатты, құқықтық сауатты болса, соғұрлым қоғамда өзінің құқықтарын толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл өз кезегінде олардың белсенділігін, қоғам өміріне араласуын арттырады.

Құқықтық білім беруде құқықтық тәрбие беруді де назардан тыс қалдырмау керек. Кейбір білімді азаматтар заңды жақсы біліп, оны айналып өту, түрлі айла-тәсілдер арқылы заңсыз пайда табу сияқты құқықбұзушылықтарға да барып жатады. Бұл мемлекеттің экономикалық т. б. қауіпсіздігіне орасан нұқсан келтіреді. Сондықтан да білімді беріп қана қоймай, болашақта оларды азаматтардың саналы түрде дұрыс қолдануы үшін тәрбие беруді ұмытпау керек. Азаматтардың, әсіресе, жастардың мемлекетке адал қызмет атқаруы, өз елінің келешегі үшін қызмет етуі олардың ұрпағының болашағы үшін қажет. Ертенгі күні ұрпағы лайықты өмір сүрсін десе, қазірден бастап сол үшін еңбек ету қажет. Қазірде жоғары заң білімі бар азаматтар көп. Тіпті екінші жоғары білім ретінде заң білімін алып жатқандар бар. Бірақ сол алынған білімнің халықтың игілігі үшін жүзеге асырылуы өзекті мәселе. Құқықтық білім азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетінде көрініс тапқанда ғана, өзінің нәтижесін береді.

Профессор, заң ғылымдарының докторы А. Ағыбаев «Конституциямызды дамытуға, заңдардың орындалуына әр азамат үлес қосуы тиіс. Біз құқықтық мемлекет орнатып жатқан елміз. Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқықтық білімі, сауаты мен мәдениеті жоғары болуы қажет. Ол үшін Парламент «Құқықтық білім беру» туралы заң қабылдау керек. Халыққа насихаттайтын жолдарды үйрету қажет», — деп, «Оны насихаттау мәселесі әлі дұрыс жолға қойылған жоқ. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарынан

байқап жүрміз, қарапайым мәселелерді халық білмейді, түсінбейді. Ал құқықтық мемлекеттің міндеті — сауатын жоғары деңгейге көтеру», — деп толықтырды.

Сондықтан да халықтың құқықтық сауатын көтеру, құқықтық білім беруді құқықтық тәрбиемен ұштастыру, халықтың құқықтың сауатын көтеруге бағытталған арнайы бағдарламалар, телехабарлар жүйесін жетілдіру қажет.